

"Пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 3 қарашадағы № 334 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 5 қарашада № 21589 болып тіркелді.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2022 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған "Пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау

министрлігі

КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2020 жылғы 3 қарашасы
№ 334 бұйрығымен
бекітілген

"Пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2022 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

2) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. "Пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.08.2023 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде тіркелгені туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы, лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Портал мен ақпараттық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.08.2023 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімі құжаттарды тіркеген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – құжаттар тіркелген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

7. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік

қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе жұмыскері Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады және оларды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолдайды, ол жауапты жұмыскерді тағайындайды.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру одан кейінгі жақын жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.08.2023 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері портал арқылы электрондық нысанда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі – келісуші орган) сұраным жолдайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.08.2023 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Келісуші органның қызметкері сұраным келіп түскен сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін немесе сәйкес еместігін анықтайды, оның нәтижелері бойынша пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға), пестицидтерді өткізуге, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны келісу туралы жауапты немесе пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға), пестицидтерді өткізуге, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны келісуден бас тарту туралы жауапты (бұдан әрі – жауап) жасайды.

Келісуші орган басшысының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы жауап портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі.

Келісуші орган белгіленген мерзімдерде жауап бермеген жағдайда Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 25-бабы 3-тармағына сәйкес лицензия және (немесе) лицензияға қосымша келісілді деп есептеледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.08.2023 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту үшін негіздер болмаған кезде, пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға), пестицидтерді өткізуге, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны келісу туралы жауап алынған не осы Қағидалардың 10-тармағында белгіленген мерзім өткен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға), пестицидтерді өткізуге, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға арналған қызметті жүзеге асыруға лицензияны, және (немесе) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға), пестицидтерді өткізуге, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға арналған қызметті жүзеге асыруға лицензияға қосымшаны ресімдейді.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту үшін негіздер айқындалған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері көрсетілетін қызметті алушыны лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдалым өткізілетін уақыт пен орын (тәсіл) туралы хабардар етеді.

Тыңдалым рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдалым туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдалым хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдалым нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру туралы не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке

кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оның міндетін атқарушы адамның ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.08.2023 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 29-бабы 2-тармағына сәйкес пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға), пестицидтерді өткізуге, пестицидтерді аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша:

1) жеке немесе заңды тұлғаның не шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің тіркелген орны бойынша;

2) Қазақстан Республикасының аумағында филиалы немесе өкілдігі жоқ шетелдік заңды тұлғаға қызметін жүзеге асыратын орны бойынша беріледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.08.2023 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.08.2023 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу:

1) жеке тұлға-лицензиаттың аты, әкесінің аты (бар болса), тегі өзгерген;

2) дара кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген;

3) заңды тұлға-лицензиатты бірігу, қайта құру, заңды тұлға-лицензиатты басқа заңды тұлғаға қосу, бөлініп шығу және бөлу нысандарында қайта ұйымдастырған;

4) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері (лицензияда мекенжай көрсетілген жағдайда) өзгерген жағдайда жүзеге асырылады.

Егер дара кәсіпкер-лицензиаттың заңды мекенжайы, заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің мекенжайы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көшелер атауының өзгеруіне байланысты өзгерген болса, осы Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінің 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жүзеге асырылмайды. Лицензиаттардың мекенжайларының мұндай өзгеруі мемлекеттік ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.

Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 33-бабы 2-тармағына сәйкес рұқсат беру тәртібі енгізілген қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауы өзгерген жағдайда, лицензиат лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы өтініш береді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2022 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті беруші Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заңның 34-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген негіздер бойынша қайта ресімдеуді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігін тексермейді.

16. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері құжаттар берілген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және (немесе) тиісінше ресімделуін тексереді.

Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмаған немесе тиісінше ресімделмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды дайындайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға), пестицидтерді өткізуге, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға арналған қызметті жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға), пестицидтерді өткізуге, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға арналған қызметті жүзеге асыруға лицензияға қосымшаны қайта ресімдейді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.08.2023 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу осы Қағидалардың 9, 10 және 11-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі құжаттар тіркелген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

18. Көрсетілетін қызметті беруші Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.08.2023 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі және көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.08.2023 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

20. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі және осы Қағидалардың 21-тармағында көзделген мерзімдерде қаралуы тиіс.

Шағым ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оны келіп түскен күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік орган және (немесе) лауазымды адам) жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.08.2023 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес қарауға жатады:

көрсетілетін қызметті беруші – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде; мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде.

22. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес кәдет болған жағдайда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

23. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2022 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 1-қосымша

"Пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.08.2023 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.09.2025 № 318 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
---	---------------------------------------	---

2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	www. egov. kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	<p>1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін , оның ішінде заңды тұлға-лицензиатты бөлініп шығу және бөлу нысандарында қайта ұйымдастырған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 11 (он бір) жұмыс күні;</p> <p>2) заңды тұлға-лицензиатты бөлініп шығу және бөлу нысандарында қайта ұйымдастырған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін – 3 (үш) жұмыс күні.</p>
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға), пестицидтерді өткізуге, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға арналған қызметті жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту.
		<p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті алушыларға ақылы негізде көрсетіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 6 16-бабының 4-тармағына сәйкес жекелеген қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензиялық алым төленеді,ол:</p> <p>1) лицензия бергені үшін – 10 (он) айлық есептік көрсеткішті;</p> <p>2) лицензияларды қайта ресімдегені үшін – лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10</p>

6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	пайызын құрайтын лицензиялық алым төленеді. Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ қолма-қол емес нысанда " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады. Лицензияға қосымшаларды беру кезінде лицензиялық алым алынбайды. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабында көзделген жағдайларда лицензиялар және (немесе) лицензияға қосымшалар беру кезінде лицензиялық алым алынбайды.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін қоса алғанда сағат 13-00-ден 14-30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.gov.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған.
		лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін:

1) жеке тұлғаның көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында осы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініші;

заңды тұлғаның көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанында осы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініші;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 4-4/704 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11927 болып тіркелген) (бұдан әрі – біліктілік талаптары) пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметтерге қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес пестицидтерді өндіру (формуляциялау) жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;

біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес пестицидтерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;

біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;

заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысандарында қайта ұйымдастыру жағдайларынан басқа, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін: 1) жеке тұлғаның көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші;

заңды тұлғаның көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші;

2) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері;

заңды тұлға-лицензиатты бөлініп шығару және бөліну нысандарында қайта ұйымдастыру кезінде:

1) жеке тұлғаның көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші;

заңды тұлғаның көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен

қол қойылған электрондық құжат нысанындағы осы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші;

2) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері;

3) заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастырылған кезде бөлініп шыққан заңды тұлғаға лицензияны қайта ресімдеуге бөліну жүргізілген Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген заңды тұлғаның келісімі туралы шешімнің көшірмесі;

4) біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес пестицидтерді өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;

біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес пестицидтерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;

біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы,

жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы, лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Төлем екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүргізілген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы лицензиялық алымды төлеу туралы түбіртектің электрондық көшірмесін ұсынады.

- 1) жеке және заңды тұлғалар осы санаты үшін Қазақстан Республикасының заңдарында қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы;
- 2) лицензиялық алымды енгізілмеуі;
- 3) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;
- 4) көрсетілетін қызметті беруші тиісті келісім беретін мемлекеттік органнан көрсетілетін қызметті алушы лицензия беру кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі туралы жауапты алуы;
- 5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға тыйым салатын заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) бар болуы;
- 6) сот орындаушысы ұсынымының негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушыға борышкерге лицензияны беруге уақытша тыйым салуы;
- 7) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе)

Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тартуға негіздер

оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

8) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келесімнің болмауы. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін құжаттарды ұсынбау немесе тиісінше ресімдеу негіз болып табылады.

Заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болып табылады:

1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбауы немесе тиісінше ресімдемеуі;

2) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

3) егер бұрын лицензия және (немесе) лицензияға қосымша заңды тұлғалар-лицензиаттардың бөліну нәтижесінде жаңадан пайда болған қатарынан басқа заңды тұлғаға қайта ресімделсе.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал

10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін өзге де талаптар	<p>арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметінің байланыс телефоны 8 (7172) 55-59-61, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.</p> <p>Цифрлық құжаттар сервисі мобильдік қосымшада және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде авторизацияланған субъектілер үшін қолжетімді.</p> <p>Цифрлық құжатты пайдалану үшін мобильдік қосымшада және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторландырудан өтеді, бұдан әрі "Цифрлық құжаттар" бөлімінде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды.</p>
----	--	---

"Пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне
1-қосымша
Нысан

Жеке тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініші

(кімге) _____

(лицензиардың толық атауы)

(кімнен) _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

(қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрінің (лерінің) толық атауын көрсету)

жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруіңізді сұраймын

Жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы

— (почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі)

Электрондық почтасы _____

— Телефондары _____

— Факсы _____

— Банктік шоты _____

— (шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылдарды (операцияларды) жүзеге асыратын объектінің мекенжайы

— (почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

_____ парақ қоса беріледі.

Осымен:

барлық көрсетілген деректер ресми байланыс деректері болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмағандығы;

барлық қоса беріліп отырған құжаттардың шындыққа сәйкес келетіндігі және жарамды болып табылатындығы;

көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісім беретіндігі расталады.

Жеке тұлға _____

(электрондық цифрлық қолтаңба) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Пестицидтерді өндіру
(формуляциялау), пестицидтерді
өткізу, пестицидтерді
аэрозольдік және

фумигациялық тәсілдермен
қолдануға байланысты қызметті
жүзеге асыруға лицензия беру"
мемлекеттік қызметін
көрсетуге қойылатын негізгі
талаптар тізбесіне
2-қосымша
Нысан

Заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініші

(кімге) _____

— (лицензиардың толық атауы)
(кімнен) _____

— (заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы,
орналасқан жері, бизнес сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес
сәйкестендіру
нөмірі болмаған жағдайда, шетелдік заңды тұлға филиалының немесе
өкілдігінің бизнес сәйкестендіру нөмірі)

— (қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрінің (лерінің) толық атауын
көрсету)
жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруіңізді сұраймын
Заңды тұлғаның мекенжайы _____

— (почталық индексі, ел (шетелдік заңды тұлға үшін), облыс, қала, аудан, елді мекен,
көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)
Электрондық почтасы _____

— Телефондары _____

— Факсы _____

— Банктік шоты _____

— (шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті немесе іс-қимылдарды (операцияларды) жүзеге асыратын объектінің
мекенжайы

(почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үйдің/ ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

_____ парақ қоса беріледі.

Осымен:

барлық көрсетілген деректер ресми байланыс деректері болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмағандығы;

барлық қоса беріліп отырған құжаттардың шындыққа сәйкес келетіндігі және жарамды болып табылатындығы;

көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісім беретіндігі расталады.

Осымен мен ұсынатын (толтырылған) ақпараттың дұрыстығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты екенімді растаймын.

Басшы _____

(электрондық цифрлық қолтаңба) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Пестицидтерді өндіру
(формуляциялау), пестицидтерді
өткізу, пестицидтерді
аэрозольдік және
фумигациялық тәсілдермен
қолдануға байланысты қызметті
жүзеге асыруға лицензия беру"
мемлекеттік қызметін
көрсетуге қойылатын негізгі
талаптар тізбесіне
3-қосымша
Нысан

Жеке тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші

(кімге) _____

(лицензиардың толық атауы)

(кімнен) _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

(қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрінің (лерінің) толық атауы)

_____ жүзеге асыруға
арналған

20__ жылғы _____ берілген № _____

(лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшалардың нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (ларды) берген лицензиярдың атауы)

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) (керегінің астын сызу)

мынадай негіз (дер) бойынша (тиісті ұяшықта X көрсетіңіз) қайта ресімдеуді сұраймын:

1) жеке тұлға-лицензиаттың аты, әкесінің аты (бар болса), тегінің өзгеруі

2) дара кәсіпкер-лицензиаттың қайта тіркелуі, оның атауының өзгеруі

3) дара кәсіпкер-лицензиаттың қайта тіркелуі, оның заңды мекенжайының өзгеруі

4) қызмет түрі атауының өзгеруі _____

5) қызметтің кіші түрі атауының өзгеруі _____

Жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы _____

(почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үйдің/ ғимараттың нөмірі)

Электрондық почтасы _____

Телефондары _____

Факсы _____

Банктік шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылдарды (операцияларды) жүзеге асыратын объектінің мекенжайы

(почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

_____ парақ қоса беріледі.

Осымен:

барлық көрсетілген деректер ресми байланыс деректері болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмағандығы;

барлық қоса беріліп отырған құжаттардың шындыққа сәйкес келетіндігі және жарамды болып табылатындығы;

көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісім беретіндігі расталады.

Жеке тұлға

_____ (электрондық цифрлық қолтаңба)

_____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Пестицидтерді өндіру
(формуляциялау), пестицидтерді
өткізу, пестицидтерді
аэрозольдік және
фумигациялық тәсілдермен
колдануға байланысты қызметті
жүзеге асыруға лицензия беру"
мемлекеттік қызметін
көрсетуге қойылатын негізгі
талаптар тізбесіне
4-қосымша
Нысан

Заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші

(кімге) _____

_____ (лицензиардың толық атауы)

(кімнен) _____

_____ (заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан жері, бизнес сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда, шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес сәйкестендіру нөмірі)

_____ (қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрінің (лерінің) толық атауы) _____ жүзеге асыруға арналған

20__ жылғы " __ " _____ берілген № _____

_____ (лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшалардың нөмірі(лері), берілген күні

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) (керегінің астын сызу) мынадай негіз (дер) бойынша (тиісті ұяшықта Х көрсетіңіз) қайта ресімдеуді сұраймын:

1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес заңды тұлға-лицензиатты (тиісті ұяшықта Х

көрсетіңіз):

бірігу _____

қайта құру _____

қосылу _____

бөліп шығару _____

бөліну _____ жолымен қайта ұйымдастыру

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі _____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі _____

4) қызмет түрі атауының өзгеруі _____

5) қызметтің кіші түрі атауының өзгеруі _____

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

(ел –шетелдік заңды тұлға үшін, почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше

атауы, үйдің/ ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

Электрондық почтасы _____

Телефондары _____

Факсы _____

Банктік шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылдарды (операцияларды) жүзеге асыратын объектінің мекенжайы

(почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

_____ парақ қоса беріледі.

Осымен:

барлық көрсетілген деректер ресми байланыс деректері болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмағандығы;

барлық қоса беріліп отырған құжаттардың шындыққа сәйкес келетіндігі және жарамды болып табылатындығы;

көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісім беретіндігі расталады.

Басшы _____

(электрондық цифрлық қолтаңба) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Пестицидтерді өндіру
(формуляциялау), пестицидтерді
өткізу, пестицидтерді
аэрозольдік және фумигациялық
тәсілдермен қолдануға
байланысты қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға), пестицидтерді өткізуге, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға арналған қызметті жүзеге асыруға лицензия

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2022 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензияланатын қызмет түрінің атауы

_____ айналысуға

_____ берілді

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-

сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда

—

шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ жеке

тұлғаның толық аты, әкесінің аты (бар болса), тегі жеке сәйкестендіру нөмірі)

Ескертпе: _____

(иеліктен шығарылатындығы, рұқсаттың класы)

Лицензиар _____

(лицензиардың толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға) _____

(аты, әкесінің аты (болған болса), тегі)

Электрондық цифрлық қолтаңба _____

Алғашқы берілген күні: _____ жылғы " ____ " _____

Лицензияның қолданылу мерзімі: _____ жылғы " ____ " _____

Берілген орны _____

"Пестицидтерді өндіру
(формуляциялау), пестицидтерді
өткізу, пестицидтерді
аэрозольдік және фумигациялық
тәсілдермен қолдануға
байланысты қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға), пестицидтерді өткізуге, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға арналған қызметті жүзеге асыруға лицензияға қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2022 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лицензияның нөмірі _____

Лицензияның берілген күні 20__ жылғы _____

Лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі(лері) _____

_____ ("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес лицензияланатын қызметтің кіші түрінің атауы)

Лицензиат _____

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-

сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда –

шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ жеке

тұлғаның толық аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

Өндірістік база және/немесе объект _____

(орналасқан жері)

Лицензиар _____

(лицензияға қосымшаны берген органның толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға) _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Электрондық цифрлық қолтаңба _____

Қосымшаның нөмірі _____

Қолданылу мерзімі _____ жылғы "____" _____

Қосымшаның берілген күні 20 _____ жылғы "____" _____

Берілген орны _____

"Пестицидтерді өндіру
(формуляциялау), пестицидтерді
өткізу, пестицидтерді
аэрозольдік және фумигациялық
тәсілдермен қолдануға
байланысты қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына
4-қосымша

[Уәкілетті органның
атауы]



[Уәкілетті органның
атауы]

Мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту

Берілген күні: [Берілген күні]

[Көрсетілетін қызметті алушының атауы]

Тіркеу орны:

Облыс: [Облыс]

Аудан: [Аудан]


Қала\ елді мекен: [Қала\ елді мекен]

[жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі] [ЖСН/БСН]

Тіркеу күні [күні]

Бас тарту себебі: [Бас тарту себебі]

[Қол қоюшының лауазымы] [Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (болса)]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

[Қол қоюшының лауазымы] [Қол қоюшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі]